Заттар мен құжаттардың ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құндылығы, олардың ақшалай бағасымен бірге тарихи, ғылыми немесе мәдениет үшін және бар немесе жоғына байланысты сарапшылық қорытындысы арқылы анықталады.

Қылмыс объективтік жағынан ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени жағынан құнды заттар мен құжаттарды талан-тараждың тәсіліне (ашық, жабық, күш қолдану арқылы, алдау немесе сенімге қиянат жасау) қарамастан жүзеге асырылады. Мұндай әрекеттерді істеу ұрлық, алаяқтық, иеленіп кету немесе ысырап ету, тонау я болмаса қарақшылықпен жасалуы да мүмкін.

Қылмыстық кодекстің 193-бабы ерекше құнды заттарды мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарды, мекемелер мен кәсіпорындардан, сондай-ақ заңды немесе заңсыз жолмен осы заттарға иелік етуші азаматтардан талан-таражға салған үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырып отыр.

Ерекше құнды заттар мен құжаттарды талан-таражға салу сол заттарға кінәлі адам толық иелік еткен уақыттан бастап аяқталған деп саналады. Қарақшылықта бұл қылмыс шабуыл жасаған сәтінен бастап аяқталған деп есептеледі. Осы көрсетілген қылмыс құрамын - ұрлық, тонау немесе қарақшылық нысандары арқылы істеген 14-ке толған адам осы қылмыстың субъектісі болып танылады, ал талан-тараждан басқа нысандармен осы қылмысты істеген жағдайда – қылмыстың субъектісі болып – 16-ға толған азаматтар танылады.

Көрсетілген қылмыс құрамы субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен жүзеге асырылады.

Қорқытып алу (194-бап). Заңда «Қорқытып алу, яғни бөтен мүлікті немесе мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы мүлікті сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауды талап ету, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен, жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіру м.мкін өзге де мәліметтерді жариялау» деп белгіленген.

Қорқытып алудың тікелей объектісіне меншік қатынастары ғана емес, жәбірленушінің немесе оның жақындарының ар-намыс және олардың жеке басының бостандығы, денсаулығы жатады.

Қорқытып алудың заты болып: мүлік, мүлікке құқық немесе қорқытушының пайдасына жәбірленушінің мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді істеуі жатады.

Қорқытып алудың объективтік жағы екі түрлі жеке әрекеттен – қорқыту арқылы жәбірленушіден талап етіп отырған мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе кінәлінің пайдасына мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттерді істеуді талап етуден тұрады.

Қорқытып алу құрамындағы мүліктің түсінігіне кез келген қозғалатын немесе қозғалмайтын мүліктер жатады. Кінәлі адам қорқыту арқылы осы мүлікту өзіне беруді, яғни өз меншігіне өткізуді талап етеді.

Мүлікке құқықты беруді талап ету дегеніміз қорқыту арқылы жәбірленушіден мүлікті пайдалану, иемдену немесе билеу құзыретінің бірін өзіне беруді, сөйтіп сол арқылы мүліктен белгілі бір дәрежеде пайда көрі жатады (тұрғын немесе тұрғын жайға жатпайтын құрылысты тегін немесе өзіне тиімді бағаға беруді талап ету, сондай жағдайда пайдалану үшін көлік немесе басқадай байланыс құралдарын ақысыз пайдалану, беруді тілеу т.б. әрекеттер).

Көлік құралдарын кез келген тәсілмен тұрғын орнынан жылжыту иелік етудің аяқталғанын білдіреді. Автомобильдің немесе өзге де құралдарының кабинасына айдап әкету мақсатымен кіріп, оны оталдырмақшы және басқадай әрекеттерді істеуі осы қылмыс құрамын істеуге оқталғандық деп танылады.

Қылмыстың объектісі жерге байланысты қоғамдық қатынастарға қол сұғу.

Қылмыстың объективтік жағынан іс-әрекет арқылы бөтеннің жер учаскесіне заңсыз кіріп кету арқылы көрініс табады.

Заңсыз кіру дегеніміз жерге меншік иесінің немесе жерді заңды иеленушінің келісімінсіз, оның заңды құқықтарын аяққа басып жер учаскесіне басып кіруді айтамыз.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік ниетпен істеледі.

Қылмыстың субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адамдар, ал осы баптың 2-бөлігіндегі қылмысты істегені үшін арнаулы субъект – лауазымды адамдар танылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл. (23.03.2019 жылы жаңартылған)
2. Сапарғалиев, Г. ҚР. Конституциялық құқық Академиялық курс [Мәтін]: Оқулық/ Г. Сапарғалиев.- Изд.3-е, с доп.- Алматы: Жеті жарғы, 2014.- 544б
3. *Уголовный кодекс* Республики Казахстан — толкование и ... Қылмыс құрамы / С. М. Рахметов, Е. О. Алауханов. — Алматы: Өркениет, 2019.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 3 шілде 2014 ж. № 226-V ЗРК <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
5. Ағыбаев, А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлік [Мәтін]: Оқулық / А.Н. Ағыбаев.- Алматы: Жеті жарғы, 2015.- 384б.

6. Ағыбаев А.Н. «Қылмыстық құқық» (Ерекше бөлім). – Алматы: Жеті жарғы, 2015, 608 б.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ОҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ҚҚС ЖОҒАРЫЛАУЫ

*Найманбаева Томирис Маратовна*

*«Экономика және құқық» білім беру бағдарламасының бакалавры  
Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университеті, 030000, Ақтөбе,  
Ы. Алтынсарин көшесі, 4;*

Мақала қосылған құн салығының мөлшерлемесін арттыру және оның Қазақстан Республикасының экономикасына әсері тақырыбын қарауға арналған. Жұмыста ҚҚС мөлшерлемесін көтерудің оң және теріс салдары негізделеді. Бұл зерттеуде ТМД елдерінің тәжірибесі қарастырылып, тиісті статистикалық мәліметтер келтірілген.

*Түйінді сөздер:* қосылған құн салығы, ҚҚС көтеру, Қазақстан Республикасының экономикасы, инфляция, қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығы.

---

## ПОВЫШЕНИЕ НДС И ПОЛОЖИТЕЛЬНОЕ ВЛИЯНИЕ НА ЭКОНОМИКУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Найманбаева Томирис Маратовна*

*Бакалавр образовательной программы «Экономики и права»  
Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, 030000, Актөбе,  
ул.И.Алтынсарина,4;*

Статья посвящена рассмотрению темы повышения ставки налога на добавленную стоимость и ее влияние на экономику Республики Казахстан. В работе обосновываются положительные и отрицательные последствия повышения ставки НДС. В данном исследовании рассмотрен опыт стран СНГ и приведены соответствующие статистические данные.

*Ключевые слова:* налог на добавленную стоимость, повышение НДС, экономика Республики Казахстан, инфляция, Казахстанская ассоциация предпринимателей.

---

## VAT INCREASE AND POSITIVE IMPACT ON THE ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Naimanbayeva Tomiris Maratovna*

*Bachelor in the educational program of Economics and Law  
Aktobe Regional State University named after. K. Zhubanova, 030000, Aktobe,  
I.Altynsarin str.,4;*

The article is devoted to the topic of increasing the value added tax rate and its impact on the economy of the Republic of Kazakhstan.


The paper substantiates the positive and negative consequences of an increase in the VAT rate. This study examines the experience of the CIS countries and provides relevant statistical data.

*Keywords:* value added tax, VAT increase, economy of the Republic of Kazakhstan, inflation, Kazakhstan Association of Entrepreneurs.

---

На сегодняшний день одной из основных проблем в экономике Республики Казахстан является повышения налога на добавленную стоимость. Налог на добавленную

стоимость (НДС) – это косвенный налог, который прибавляют как надбавку в себестоимость товара или услуг. Государство взимает такой налог для пополнения бюджета страны. Часто именно эта надбавка составляет 30% наполнения государственной казны. Поэтому важность НДС для экономики страны очевидна. Если рассматривать ставки НДС стран СНГ, то можно заметить, что наименьшим показателем является ставка НДС в РК, в размере - 12%.



На фоне вышеуказанных показателей ставки НДС данных стран, в Казахстане имеет место быть увеличение ставки НДС, в ходе которого можно пополнить государственный бюджет на 2-2,4 трлн.тг.

Рассмотрим, какими могут быть последствия повышения ставки НДС, со стороны предпринимателей и представителей Министерства национальной экономики.

Положительные эффекты от повышения ставки НДС, это укрепление возможности бюджета для финансирования социальных обязательств и усиление конкурентоспособности отечественных товаров. Но при этом, ускоренное повышение ставки НДС, во-первых, может привести к повышению цен на газ для населения, промышленных предприятий, бюджетных организаций, увеличению стоимости ГСМ и может стать причиной для увеличения стоимости других товаров, работ и услуг. В ходе данного вопроса, в г. Караганда был проведен круглый стол, членами Парламентской фракции ДПК «Ак жол» совместно с Казахстанской ассоциацией предпринимателей, передает [DKNews.kz](http://DKNews.kz). [1].

Как отметил Вице-министр национальной экономики РК Азамат Амрин, детальный анализ показывает, что изменение ставки НДС не имеет прямой связи с уровнем теневой экономики. К примеру, в 2006 году при ставке НДС в размере 15% уровень теневой экономики к ВВП составил 19,8%, а размер теневой экономики в сфере торговли – 2,7% к ВВП. В последующие годы ставка НДС поэтапно снижалась до 12%. Однако объем теневой экономики в торговле с каждым годом увеличивался и в 2016-м дошел до 9,2% к ВВП. В 2022 году при ставке НДС в размере 12% объем теневой экономики в сфере торговли составил 3,1% к ВВП.

Кроме того, было отмечено незначительное и одномоментное влияние повышения ставки НДС на уровень инфляции. Повышение ставки НДС до 16% не приведет к отклонению инфляции от запланированного коридора. Оно повлияет на уровень инфляции в пределах 1 процентного пункта, и не будет влиять на сельскохозяйственные товары. Так как, отечественные сельхозтоваропроизводители пользуются льготными налоговыми режимами.

Учитывая, что в структуре импорта Казахстана доля продовольственных товаров в 2022 году составила 9,4%, повышение ставки НДС по импортным товарам не будет иметь

значительного вклада на уровень инфляции. Отечественные производители высказались против повышения ставки НДС с 12% до 16%. Они уверены, что повышение ставки налога окажет негативное влияние на обрабатывающую промышленность Казахстана, а инвестиционная привлекательность Казахстана снизится по сравнению с другими странами Центральной Азии, сообщает НПП РК «Атамекен». [2].

«Если НДС повысят сейчас, последствиями будет сокращение производства. При этом неизвестно, какими будут валютные риски и инфляция к 2025 году. Сейчас необходимо приложить усилия для развития внутреннего рынка. Таким образом, отечественные предприниматели смогут получить гарантированный объем на внутреннем рынке. Мы все это сделали и в результате смогли уплатить НДС и налог на прибыль организаций согласно действующему законодательству», - рассказала председатель комитета обрабатывающей промышленности НКП Тахмина Нагыманова.

На заседании комитета предприниматели говорили о необходимости разработки защитных мер для сохранения текущего положения обрабатывающей промышленности. «Сегодня обрабатывающая промышленность обеспечивает лишь 13% ВВП. Показатель не будет увеличиваться, пока не будут созданы условия для отрасли. Поэтому рекомендую выработать единую консолидированную позицию отрасли по вопросу повышения НДС. Наша позиция заключается в том, что ставка НДС для малого и среднего бизнеса в обрабатывающей промышленности должна быть снижена до нуля или снижена до 8%. Эта мера дает определенное преимущество, в том числе привлечение инвестиций», — сказала Асель Дангилова, исполнительный директор «Союза обрабатывающей промышленности» ЗТБ.[3]. Предприниматели высказали свои предложения по установлению отдельного налогового режима для обрабатывающей промышленности, включению генеральной классификации экономической деятельности обрабатывающей промышленности в перечень видов деятельности, облагаемых розничным налогом, а также исчислению НДС по «бухгалтерскому учету, метод».

Таким образом, по предварительным расчетам «Атамекена», повышение ставки НДС приведет к росту издержек в отраслях, производящих конечную продукцию, ускорению темпов инфляции, снижению покупательской способности и потребительского спроса. В целом негативно отразится на деловой активности и региональной конкурентоспособности отечественных производителей. Ввиду того, что в истории РК не было прецедентов поднятия ставки НДС, это затрудняет корректность оценки определения её влияния на рост национальной экономики.

Рассмотрим опыт повышения ставки НДС на примере соседней дружественной страны - Российской Федерации. В периоде с 1 января 2019 года ставка НДС была повышена с 18% до 20%, что дает интервал, при этом интервал оценок вклада НДС в инфляцию 0,6-1,5 процентных пункта («Доклад об оценке влияния повышения основной ставки НДС на инфляцию»). Появилась тенденция усиления инфляции в РФ в нынешнем 2023 году, что вынудило Банк России в конце октября поднять ключевую ставку до 15%. Также по оценке Главы банка России повысились показатели текущей ценовой динамики, которые как минимум в 2 раза превышают целевой показатель, а ценовые ожидания предприятий близки к максимальным значениям за последние несколько лет.

Таким образом, рассмотрев опыт страны, которая повышала ставку НДС, мы заметили, что рост цен в экономике начинается еще до того, как ставка будет повышена. Следовательно, ускорение инфляции начнется уже в 2023-2024 годах, что ставит под угрозу исполнения поручения Главы государства о снижении уровня инфляции в 2 раза.

Также следует отметить, что повышение ставки НДС приведет к снижению темпов роста ВВП в реальном выражении на 1% в год. Такие прогнозы ставят под угрозу реализацию поручения Главы государства об удвоении объема экономики.

Другим немаловажным обстоятельством является то, что столь существенное повышение ставки НДС приведет к потере Казахстаном статуса страны с наименьшей в

регионе налоговой нагрузкой на экономику, что неизбежно негативно отразится на такой стратегической задаче, поставленной Главой государства, как привлечение иностранных прямых инвестиций.

Таким образом, повышение НДС необходимо проводить поэтапно, так как возрастает риск неисполнения поручений Главы государства в части обеспечения роста отечественной экономики.

Во избежание негативных последствий, мы предлагаем другие эффективные методы пополнения государственного бюджета, кроме повышения ставки НДС: повышение эффективности бюджетных расходов и инвестиций, улучшение собираемости ныне действующих налогов, развитие инфраструктуры для повышения благосостояния нашего государства.

#### Список использованной литературы:

1. Электронный ресурс: <https://dknews.kz/ru/finansy/308489-ministerstvo-ekonomiki-ozvuchilo-polozhitelnye>.
2. Электронный ресурс: <https://atameken.kz/ru/news/50847-povyshenie-stavki-nds-pochemu-biznes-protiv>.
3. Электронный ресурс: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33321762](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33321762).



## ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ ТЕРГЕУ ТОПТАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

**Саимова Шолпан. Алтынбековна**

*Философия (PhD) докторы, доцент*

**Куатова Айгуль Акимовна**

*Заң ғылымының магистрі, аға оқытушы*

**Акдаулетов Берик Абдиганпарұлы**

*«Құқық» білім беру бағдарламасының магистранты*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Криминалистикада жағдайлық көзқарасқа негізделі отырып, ұйымдасқан қылмыстық топтарға тән криминалды жағдайлардың әр түрлі аспектілері қарастырылады немесе, мысалы, криминалды құрылымдардың қылмыстық істі тергеуге «қарсы әсер етуінде» туындайтын тергеулік жағдайлардың белгілері талданады

*Түйінді сөздер:* ұйымдасқан қылмыстық, топтар, тергеу, қылмыс, криминалистика, ұрлық, тактика, жәбірленуші, жеке қылмыс түрлері, тергеуші, қарақшылық, алаяқтық, тонау.

---

## ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ И ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ СЛЕДСТВЕННЫХ ГРУПП ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ.

**Саимова Шолпан. Алтынбековна**

*Доктор философии (PhD), доцент*

**Куатова Айгуль Акимовна**

*Магистр юридических наук, старший преподаватель*

**Акдаулетов Берик Абдиганпарұлы**

*Магистрант образовательной программы «Право»*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актобе, ул. Айтеке би, 52;*

В криминологии на основе ситуационного подхода рассматриваются различные аспекты криминальных ситуаций со стороны организованных преступных группировок или, например, анализируются признаки следственных ситуаций, возникающих в результате «противодействия» криминальных структур расследованию уголовного дела.

*Ключевые слова:* организованная преступность, банды, расследование, преступление, криминалистика, кража, тактика, потерпевший, отдельные виды преступлений, следователь, грабеж, мошенничество, разбой.

---

## FEATURES OF THE CREATION AND ORGANIZATION OF THE WORK OF INVESTIGATIVE GROUPS WHEN INVESTIGATING CRIMES.

**Saimova Sholpan. Altynbekovna**

*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor*

**Kuatova Aigul Akimovna**

*Master of Law, Senior Lecturer*

**Akdauletov Berik Abdigapparuly**

*Master's student in the educational program «Law»*

*Kazakh-Russian International university. 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St;*

In criminology, based on a situational approach, various aspects of criminal situations on the part of organized criminal groups are considered or, for example, the signs of investigative situations arising as a result of “counteraction” of criminal structures to the investigation of a criminal case are analyzed.

*Keywords:* organized crime, gangs, investigation, crime, criminology, theft, tactics, victim, certain types of crimes, investigator, robbery, fraud, robbery.

---

Жеке қылмыс түрлері мен топтарын тергеу жолдары криминалистикалық әдістеме - бұл нақты қылмыс түрлері мен топтарын ашуға және тергеуге арналған ұсыныстар мен ғылыми ережелер жүйесі болып табылатын криминалистика ғылымының бір бөлімі[1].

Криминалистикалық әдістеме криминалистика ғылымының басқа да бөлімдерімен, яғни криминалистиканың жалпы теориясымен, криминалистика техникасымен, криминалистика тактикасымен тығыз байланысты. Мысалы, ұрлық пен жол көлік оқиғасына тиісті қылмыстарды тергеу барысында оқиға болған жерден табылған іздердің сипаты және олардың алыну барысы өзара ерекше болып келеді. Мысалға мына қылмыстар жайлы : біреудің затын иемденіп алған жағдайда және зорлау барысында жәбірленуші мен сезіктіден жауап алғанда, оқиға болған жерден табылған іздердің сипаты мен олардың алыну барысының өзара үлкен алшақтығы байқалады, сонымен қатар, әр түрлі дәрежелі істер бойынша тергеуді жоспарлау ерекшеліктерінде де өзгешелік болады. Криминалистикалық әдістемедегі ұсыныстар қылмыстың нақты түрлері мен топтарын тергеу кезінде криминалистиканың басқа да бөлімдерінде қолданылатын әдіс – тәсілдер мен құралдарды нәтижелі қолдануға мүмкіндік жасайды.

Жеке қылмыс түрлері мен топтарын тергеу әдістемесінің жалпы ережелерінің құрамдық белгісіне мына мәселелер кіреді Криминалистикалық әдістеменің анықтамасы мен пәні, криминалистикалық әдістеменің басқа бөліктері мен арақатынасы, криминалистика жүйесіндегі әдістеменің маңызы мен ролі.

Нақты қылмыс түрлері мен қылмыс топтарын тергеу кезеңінің құрылымына мыналар қатысты:

1. Қылмыстың жеке түрі мен тобын тергеу кезінде анықталатын жағдайлар;
  2. Нақты қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы;
  3. Қылмыстық істі қозғау және қылмыстың белгілі дәрежесі бойынша тергеудің алғашқы кезеңін жоспарлау ерекшеліктері;
  4. Тергеу жағдайындағы пайда болған тергеудің әр кезініндегі біртектілік тергеу ситуациясын тергеушінің реттеулігі;
  5. Белгілі дәрежедегі іс бойынша арнайы білімді қолдану ерекшелігі;
  6. Халықтың көмегін пайдалану ерекшелігі;
  7. Тергеуші мен анықтаушы қызметкерінің өзара қарым – қатынасын ұйымдастыру;
  8. Тергеушінің қылмысты алдын алу, болдыртпау шараларын ұйымдастыру;
- Меншікке қарсы қылмыстардың ішіндегі ең көп тараған және қоғамға едәуір қауіптісі – ұрлау[2].

Қылмыстық заң, ұрланғандық үшін, оның жасалу тәсілдеріне қарай нақты жауаптылық қарастырылған. ҚК-тің тиісті баптарына бөліп, нормативтік тұрғыдан бекіткен, оларға ұрлаудың мына формалары жатады: ұрлық, иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау және қарақшылық.

Ұрлау түсінігін анықтаудың және оның негізгі элементтеріне сипаттама берудің ұрлаудың барлық формаларына тән нышандарды айқындауға және бөлектеуге мүмкіндік беретіндігі, ұрлаудың нақты формаларына талдау жасауды жеңілдететіндігі, оларды меншікке қарсы басқа қылмыстардан, басқа объектіге қол сұғушылықтан, сондай-ақ қылмыстық заңмен жазаланбайтын әрекеттерден шектеуге көмектесетіндігі қылмыстық заң ғылымында құптау тапқан. Қазіргі кезде ұрлау түсінігі Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде өзінің заңдық бекімін тапты. Мысалы, ҚК-тің 175-бабының

ескертуінде былай делінген: осы кодекстің баптарында ұрлау деп пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, айыптың немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымыз алып қою және айналдыру танылады. Ұрлау түсінігіне берілген бұл анықтамадан көретініміз, ғалым - заңгерлер ұсынған, заң талаптарына жауап беретін топтама түсініктер ішінен заң шығарушы " алу " терминің мойындаған.

Заңмен берілген анықтамадан ұрлаудың объективтік жағынан сипаттайтын мына нышандарды бөліп алуға болады:

- мүлікті алу
- алудың заңға қайшылығы
- пайдакүнемдік мақсат
- алудың қайтарымыз болуы

Алу түсінігі ұрлаудың қарақшылықтан басқа барлық мүмкін болатын жеке тәсілдерін қамтиды. Ал қарақшылықты алатын болсақ, заң шығарушы оның аяқталу кезін мүлікті иелену мақсатында шабуыл жасау кезеңіне аударған. Бұл нышан қылмыс затына заңға қайшы ықпал жасаудың сыртқы процесін неғұрлым дәл бейнелейді және белгілі бір шамада қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне зиян келтіру тетігін сипаттайды, себебі алу әрқашанда заңсыз қылмыспен, ұрланған мүліктің меншік қатынастарына қатысушылардың әлеуметтік байланыстарындағы құрылымында орнын өзгертуімен ұштасқан, ол байланысты қалай да бұзады, оның қалыпты дамуына нұқсан келтіреді. Ұрлау арқылы мүлікті алғанда айыпты өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдырады. Ұрланған адам мүлікке өз меншігіндей билік жасайды, бірақ заң жүзінде ол меншік иесі бола алмайды, себебі меншік құқығын қылмыстық жолмен алу мүмкін емес. Сондықтан да жәбірленушінің ұрланған затқа меншіктік құқығын ұрлық жоғалта алмайды. Ұрлауға заң тұрғысынан анықтама бергенде бөтен мүлікті айыптының меншігіне емес, оның пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдыру дегенді, бәлкім, осы тұрғыдан түсіну қажет. Ұрлауды сипаттайтын келесі нышан – оның заңға қайшылығы. Заңға қайшы нышан дегеніміз, шындығында да, болжаммен де оған өзінің құқығы жоқ бөтен мүлікті айыптының алуы. Шындығында да құқық дегеніміз – сол мүлікті алуға мүмкіндік беретін, заңға негізделген құқықтың болуы. Оның заңда белгіленген тәртіпте рәсімделген, рәсімделмегенінің маңызы жоқ. Бұл жерде назар ол құқықтың формасына емес, түп мәніне аударылады. Бұдан жасалынатын тұжырым – егер адам мүлікті алуға заңды негіздемелері бола тұрып, оны алу үшін белгіленген тәртіптерді ғана бұзса, онда бұл жағдайда ұрлау болмайды.

Айыпты мүлікті алып, оған өз қалауы бойыша билік жасай алатын кезден бастап ұрлау аяқталған болып саналады.

Егер айыпты мүліті алып, кейін оңтайлы кезде шығаруды ойластырып оны сол күзеттегі аймаққа жасырып қойса, сонан соң өз еркімен қайтарса, онда ол қылмысты жасаудан өз еркімен бас тарту негізінде ҚК –тің 26 бабы қылмыстық жауаптылықтан босайды[3].

Алудың тәсілдеріне байланысты ҚР ҚК - нде ұрлаудың алты формасы бекітілген: ұрлық, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу, сеніп тапсырған мүлікті ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық қызмет бабын пайдалану жолымен мүлікті алуды ұрлаудың жеке формасы ретінде танудан заң шығарушы бас тартты, оны ұрлауды үш формасының иеленіп алудың, ысырап етудің және алаяқтықтың саралаушы нысаны ретінде қарастырады.

Қастандық жасаудың осы түрінің заты ұрлау құрамының сындарлы нышандарының бірі болып табылады. Қылмыстық заң теориясында қылмыс затының шын мәнінде мазмұны бірдей екі анықтамасы кең тараған. Бірінші анықтама бойынша қылмыс затына өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра отырып қылмыскер тікелей ықпал жасайтын сыртқы әлемнің материалдық заттары жатады. Екінші анықтама бойынша қылмыс затына сол қылмыстың жасалуына себеп болатын материалдық әлемдегі заттар жатады. Сонымен қатар, сот практикасы көлікте жүру билеттерін, почта маркаларын көлік қызметін

төлегендігін растайтын, ізін ұсынған адамға тиесілі қағаздар екенін ескеріп ұрлау затына жатқызады, сондықтан оларды алуды ұрлау деп қарастырылады. Мәтінін толтырып, мөрмен бекіткеннен кейін, оларды компостирленген соң ғана пайдалануға болатын билеттерді немесе басқа белгілерді ұрлау сол әрекетке дайындық болып саналады, егер бұл жерде ұрланған заттарды кейін сатып ақша табу мақсаты болса. Сонымен, "өздерінде көрсетілген құнның немесе қызметтің төленгендігін растайтын, ұйымның, оның қызметкерлерінің, азаматтардың қолында болғанда сол тауарлар мен қызметтерді олардың пайдалануына мүмкіндік беретін талондар, көлікте жүру билеттері немесе өзге белгілер ғана ұрлау заты бола алады", - деген пікірмен келісу қажет.

Сондықтан легитимациялық құжаттар мен белгілер аккредитивтер, чектер, жинақ кітапшалары, жетондар, сенім қағаздары, квитанциялар мен сол сияқтылар өздерін иеленушілердің белгілі бір мүліктерге ғана құқығын растайтын болғандықтан ұрлау заты болып табылмайды. Бұл құжаттарды немесе белгілерді иемдену меншік иесінің материалдық залал шеккендігінің айғағы емес[4].

Мүлікке емес сипаттағы фактілерді растайтын құжаттар мен өзге заттар ұрлау заты бола алмайды. Материалдық құндылығы жоқ зат немесе бұйым ұрлық заты бола алмайды, себебі оны алу меншік иесіне материалдық залал келтірмейді. Сондықтан да, жасау үшін қоғамға пайдалы еңбек жұмсалған табиғи байлықтарды заңсыз иелену меншікке қарсы қылмыстар қатарына жатпайды, олар экологиялық қылмыстарға жатады. Ұрлыққа тән нышан – оның жасырын тәсілмен жасалуы. Ұрлықтың жасырындық сипатын анықтағанда айыптының ниетіне, яғни оның ұрлықты субъективтік қабылдауына қоса назар аудару қажет. Ұрлық болды деп санау үшін айыпты жасырын ұрлық жасауға ұмтылуы, бөтен мүлікті жасырын түрде иеленуге оның ниеті болуға тиіс. Жасырын ұрлауды саралау үшін мүліктің алынуы тек меншік ғана емес, оны күзетушіге де, үшінші адамдарға да білінбеуі тиіс. Олар ұрлық жасаған кезде не сол жерде болмайды, не болған күнде де, ұрлықтың жасалғандығын сезбейді. Егер айыпты, өз әрекетінің қылмыстық сипаты белгілі болғандығын ұғынбай, қылмыстың құпиялылығына өзі күмән келтірмей әрекетін әрі қарай жалғастырса, ол ұрлық болып саналады.

Бөгде адамдардың көзінше жасалған ұрлықты жасырын деп тану үшін, сол адамдардың айыптының әрекетінде қылмыстық сипат бар екендігін ұғынбағандығы анықталуға тиіс. Мысалы, айыпты өзін мүлік иесі атынан билік жасай алатын адаммын деп өтірік айтады: иесіз тұрған автомашинаға жайбарақат отырып жүріп кеткен адамның әрекетіне қарап онда тұрғандар ұрлық жасалды деп ойламайды[5].

ҚР ҚК-нің 175 бабының 2 – бөлігінде мынадай сараланушы нышандар көзделген:

-адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша, бірнеше рет, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық. Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша түсінігі ҚК-тің 31 – бабының 2 – бөлігінде берілген. Бірлесіп қылмыс жасау жөнінде алдын ала келіскен адамдар тобы сондайға жатады. ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі " Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы " қаулысы да ұрлық жасау жөнінде алдын ала келісіп, оған екі немесе одан көп адамдар қатысса, ондай ұрлық адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған ұрлыққа жатады делінген. Бөтен мүлікті алуға тікелей бағытталған әрекетті атқарушы бастап қойған болса, онда басқа қатысушының кейін келіп қосылғандығы бұл саралаушы нышанды құрамайды, себебі бұл адамдарды ұрлықты біреуге жасау үшін алдын ала сөз байласқан деп санауға болмайды. Әрқайсысы өзінше бастап, кейін кездейсоқ бірігіп, қылмысты әрі қарай бірлесіп жалғастырған адамдардың қылмыстық әрекеттерін де осы нышан бойынша саралауға болмайды. Тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй – жайға не қоғамға заңсыз енуден жасалған ұрлықтың қоғамға қауіпті сонда, ұры кедергілерді өтіп мүлікке жету үшін белгілі бір қиындықтарды жеңеді, төбені, қабырғаны немесе есікті бұзады, жәбірленушінің өз мүлкін сақтау үшін алдын ала қарастырған шараларын жоққа шығарады, өз мақсатына жету үшін табандылық көрсетеді. Ену дегеніміз – ешқандай құқығы болмаса да тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй –

жайға, қоймаға, онда жұмыс істейтін немесе заңды негізде тұрған адамдардың рұқсатынсыз немесе олардың еркімен санаспай заңсыз басып кіру немесе өтіп кету. Басып кіру тәсілмен енгенде айыпты үй – жайға өту үшін қандай да бір жұмсайды, оның ішіндегі немесе сыртынан күзететін адамдардың қарсылығы жеңеді, төбені ойып түседі не кілтін тауып құлыпты ашады және басқадай әрекеттер жасайды[6].

Ұрлықты алаяқтықтан ажырату қажет. Біріншіден, ұрлық жасағанда қылмыс заты тек мүлік қана болады, ал алаяқтықта қылмыс заты мүлікпен қатар мүлікке құқық та бола алады. Екіншіден, ұрлық жасалған жәбірленішінің мүлкі оның еріксіз, жасырын алынады. Үшіншіден, алаяқтық кезінде мүлікті қылмыскерге әрекет жасауға қабілеті бар, мүлікке билігін заң танытын адам беруге тиіс. Егер алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы жасына немесе психикасының бұзылуына байланысты әрекет жасау қабілеті жоқ немесе қабілеті шектелген адамның мүлкін иеленсе, онда қылмыскердің әрекеті алаяқтық емес ұрлық болып саналады, себебі ондай адамдардың еркі заң жүзінде ескерілмейді. Төртіншіден, алдаушылық тек алаяқтық қана емес, ұрлық кезінде де болады. Алаяқтық жасалғанда алдау арқылы мүлік иеленеді, ал ұрлық кезінде сол жасырын ұрланатын мүлікке бару үшін талдау тәсілі қолданылады. Ұрлықты тонаудан ажырату керек. Олардың басты айырмашылығы – мүлікті алу тәсілінде. Ұрлық кезінде мүлік жасырын алынса, тонау ашықтан – ашық алынады. Ұрлықты автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемденуден ажырату қажет. Бұлардың басты айырмашылығы сонда, ұрлық дегеніміз – мүлікті жасырын ұрлау, ол ҚК–тің 185 – бабында көзделген қылмыс, баптың атында және диспозициясында көрсетілгендей, пайда табуды көздеген меншікке қарсы өзге қылмыстар қатарына жатады. Криминалистикалық мінездеменің ең негізгісі болып қылмыс жасау жағдайы болып табылады, яғни қылмыс жасау орны мен уақыты, ұрланатын зат, қоршаған ортаның материалдық элементі болып табылады. Ұрлық қылмыстарын ашудың ерекшелігіне криминалистикалық сипаттамасын қарастырымыз[7].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). Учебник. Изд-е 2-ое, доп.- Алматы: Компьютерно-издательский центр «VITA» 2016.- 220с.
- 2 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме.- Алматы.: Жеті жарғы, 2018-808с
- 3 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық . Жалпы бөлім. Оқулық.- Алматы.: Жеті жарғы, 2019-376б
- 4 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық . Ерекше бөлім. Оқулық.- Алматы.: Жеті жарғы, 2018-632б
- 5 Әпенев С.М. Қылмыстық квалификациялаудың ғылыми негіздері. Оқулық.- Алматы.: Заң әдебиеті, 2016
- 6 Оспанов К.И. Құқық негіздері. Оқу құралы.- Алматы.: Жеті жарғы, 2019
- Бакқұлов С. Құқық негіздері. Оқу құралы.- Алматы.: Дәуір, 2018-

**ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН  
ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Сапарова Фариза Мамайқызы***

*«Құқық» білім беру бағдарламасының магистранты*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Экстремизм мәселесі тұрғысынан осы Декларацияның барлық ережелері маңызды. Атап айтқанда, 1-бапта: «барлық адамдар өз қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең болып туылады», 2-бапта: «әр адам осы Декларацияда жарияланған Барлық құқықтар мен бостандықтарға нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе саяси көзқарастарына ешқандай айырмашылықсыз ие болуы керек. өзге де ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүліктік, мүліктік немесе өзге де жағдайы.

*Түйінді сөздер:* құқық, тәуелсіз, бостадық, декларация, терроризм, экстремизм

---

**ВОПРОСЫ ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ  
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РЕЛИГИОЗНОМУ  
ЭКСТРЕМИЗМУ И ТЕРРОРИЗМУ**

***Сапарова Фариза Мамайқызы***

*Магистрант образовательной программы «Право»*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52;*

С точки зрения проблемы экстремизма важны все положения этой декларации. В частности, в статье 1: «Все люди рождаются свободными и равными по своему достоинству и правам», в статье 2: «каждый человек должен обладать всеми правами и свободами, провозглашенными в этой декларации, без каких-либо различий в расе, цвете кожи, поле, языке, религии, политических или политических взглядах. иного национального или социального происхождения, имущественного, имущественного или иного положения.

*Ключевые слова:* право, независимость, свобода, декларация, терроризм, экстремизм

---

**ISSUES OF LAW ENFORCEMENT PRACTICE AND IMPROVEMENT OF  
LEGISLATION IN THE FIELD OF COUNTERING RELIGIOUS EXTREMISM AND  
TERRORISM**

***Saparova Fariza Mamaykyzy***

*Master's student in the educational program «Law»*

*Kazakh-Russian International university. 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St;*

From the point of view of the problem of extremism, all the provisions of this declaration are important. In particular, in article 1: "All human beings are born free and equal in dignity and rights", in article 2: "Everyone must have all the rights and freedoms proclaimed in this declaration, without any distinction in race, skin color, gender, language, religion, political or political views. other national or social origin, property, property or other status.

*Keywords:* law, independence, freedom, declaration, terrorism, extremism

---

Сонымен қатар, елдің немесе адам тиесілі аумақтың саяси, құқықтық немесе халықаралық мәртебесі негізінде ешқандай айырмашылықтар болмауы керек, бұл аумақ

тәуелсіз, қамқорлыққа алынғанына, өзін-өзі басқара алмайтынына немесе оның егемендігінде қандай да бір жолмен шектелгеніне қарамастан».

Декларацияның 7-бабында: «барлық адамдар заң алдында тең және ешқандай айырмашылықсыз заңды тең қорғауға құқылы. Барлық адамдар осы декларацияны бұзатын қандай да бір кемсітушіліктен және осындай кемсітушілікке итермелеуден тең қорғауға құқылы 18-бапта: әр адам ой, ар-ождан және дін бостандығына құқылы; бұл құқыққа өз дінін немесе нанымын өзгерту бостандығы, өз дінін ұстану еркіндігі, жеке немесе басқа адамдармен бірлесе отырып, уағыздау, Құдайға ғибадат ету және діни рәсімдерді орындау еркіндігі кіреді», - делінген 19-бапта: «әр адамның сенім бостандығы мен сенімдерінің бостандығы құқығы". сенімдерді еркін білдіруге құқығы бар; бұл құқық өз нанымдарын еркін ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралардың тәртібіне тәуелді болмай, кез келген тәсілмен ақпарат пен идеяларды еркін іздеу және тарату еркіндігін қамтиды", 20-баптың бірінші бөлімінде: «әр адамның бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар бостандығына құқығы бар» делінген.

БҰҰ-ның бұл тәсілін Қазақстан Республикасы мойындайды және оның негізгі заңының шеңберіне толық сәйкес келеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясы экстремизм мен төзбеушіліктің ықтимал көріністеріне байланысты бірқатар конституциялық тыйымдарға тыйым салады.

Мәселен, ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағына сәйкес мақсаттары немесе әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған қоғамдық бірлестіктер құру және олардың қызметі заңнамамен көзделмеген әскерилендірілген ұйымдар құруға тыйым салынады қалыптастыру.

20-баптың 3-тармағына сәйкес конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, ҚР тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. 39-баптың 2-тармағына сәйкес ұлтаралық келісімді бұзатын кез келген іс-әрекет конституциялық емес деп танылады.

Экстремизм туралы мәселені құқықтық шешу үшін ҚР Конституциясының 20, 22 және 23-баптары да қамтылған. 20-бапта: сөз және шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алуға және таратуға құқығы бар. ҚР мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, ҚР тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді».

22 Конституция 1 тармағында; әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар - ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпыадамзаттық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттермен байланысты болмауы немесе шектелмеуі керек.

Конституцияның 23-бабында: Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестіктер бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

ҚР Конституциясының адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, адамның қадір-қасиетін қамтамасыз ететін ережелеріне сілтеме жасауды жалғастыруға болады. Бірақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзудың заңсыздығын мойындау мұндай бұзушылықтардың барлығы масштабтан тыс дегенді білдірмейді. Олардың кейбіреулері

қылмыстық, басқалары әкімшілік және жауапкершіліктің басқа түрлері. Әлемдік қоғамдастық, біз атап өткендей, тиісті бұзушылықтарды экстремистік деп бағалауда олардың айналасындағыларға «адам емес» деген көзқараспен шартталуына үлкен мән береді.

БҰҰ-ның экстремизмнің не екенін түсінуі «экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2020 жылғы 18 ақпандағы ҚР Заңының 1-бабының 5-тармағында көрініс тапты» [42].

Осы Заңға сәйкес экстремистік қызметке (экстремизмге) жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды көздейтін іс-әрекеттер жасауы жатады:

- Конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, ҚР аумағының егемендігін, тұтастығын, қол сұғылмаушылығын және бөлінбейтіндігін бұзу, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, билікті күштеп басып алу немесе билікті күштеп ұстап қалу, заңсыз әскерилендірілген құралым құру, оған басшылық жасау және қатысу, қарулы көтерілісті ұйымдастыру және оған қатысу, топтық алауыздықты әлеуметтік, таптық-өршіту (саяси экстремизм);

- нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылыққа (ұлттық экстремизмге) шақыруға байланысты араздықты қоздыру;

- діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылыққа немесе зорлық-зомбылыққа шақыруға байланысты арандату, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, адамгершілігіне немесе құқықтары мен бостандықтарына (діни экстремизм) қауіп төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану [43].

Атап айтқанда, Шанхай конвенциясының 1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы «онда осы Конвенцияның мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер. 3) «экстремизм» - билікті күштеп басып алуға немесе билікті күштеп ұстап қалуға, сондай-ақ мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, сол сияқты қоғамдық қауіпсіздікке, оның ішінде жоғарыда аталған мақсаттарда заңсыз қарулы құралымдарды ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға күштеп қол сұғуға бағытталған және заңдарға сәйкес қылмыстық тәртіппен қудаланатын қандай да бір іс-қимыл Қазақстан Республикасының; Тараптардың ұлттық заңнамасымен».

Конвенция зорлық-зомбылық, сондай-ақ билікке, мемлекеттің конституциялық жүйесіне, қоғамдық қауіпсіздікке бағытталған зорлық-зомбылық сияқты экстремизмнің маңызды белгісін көрсетті. Бұл зорлық-зомбылықты ғана емес, оны қарулы емес құрылымдарды ұйымдастыру немесе қатысу арқылы қамтамасыз етуді білдіреді.

Діни экстремизмнің маңызды белгілерінің біріне, атап айтқанда экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңында белгіленген" қауіпсіздікке, өмірге, денсаулыққа, адамгершілікке немесе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдануға келетін болсақ, ол ҚР Қылмыстық заңнамасында қылмыстық жазаланатын әрекет түрінде де көрініс табуы тиіс.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң күшіне енді. Осы Заңға сәйкес азаматтық іс жүргізу кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске, діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы, қоғамдық бірлестіктер туралы, Саяси партиялар туралы заңдарға түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы заң жобасын мақұлдады. Үкімет Парламентке енгізген заң жобасы қылмыстық кодексті, бұқаралық ақпарат құралдары туралы, Коммерциялық емес ұйымдар туралы, жедел-ізвестіру қызметі туралы және т. б. заңдарды қоса алғанда, елдің 11 заңнамалық актісіне түзетулер енгізуді көздейді.



Сонымен қатар, мемлекеттің бұл бастамаларын біржақты бағалау мүмкін емес. Бір жағынан, терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдау және, сөзсіз, қазіргі шындыққа сәйкес келу қажет. Өткен жылы Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін де осы қауіпсіздік қатерлерінің көріну деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалды.

Атап айтқанда, бұл заң жобалары саяси партиялардың, өзге де қоғамдық ұйымдардың, діни бірлестіктер мен БАҚ қызметін тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздерді ұлғайтады, прокурорларды аталған институттардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар субъектілер қатарына қосады, тіркелмеген қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне қатысқаны үшін және рұқсатсыз өткізілетін жиналыстар, митингілер, шерулер үшін әкімшілік жазалар қолданады биліктің және өзге де қоғамдық іс-шаралардың, шетелдік көздерден қаржыландыруды алуға қатысты ҰЕҰ-ның жергілікті атқарушы органдарға рұқсат алу үшін жүгіну практикасын белгілейді, Қазақстанда шетелдік және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін құруға және олардың қызметіне шектеулер енгізеді.

Шамасы, Үкіметтің және билік өкілдерінің қаралып жатқан заң жобаларын бастауы Қазақстанда Грузияда, Украинада және көрші Қырғызстанда болған түрлі-түсті революциялардың қайталануына жол бермеу ниетімен байланысты. Сонымен қатар, бұл мәселе президенттік сайлау қарсаңында өзекті болды. Бұл заң жобаларының ережелері бағытталған негізгі нысандар әлеуетті экстремистік ұйымдар емес, саяси партиялар, отандық, шетелдік және халықаралық ҰЕҰ, БАҚ болып табылатыны кездейсоқ емес.

Алайда, осылайша билік азаматтық қоғам институттарымен, соның ішінде оппозициямен толыққанды диалогқа жаңа кедергілер қояды. Оның мүддесі үшін олармен, оның ішінде терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл туралы мәселені бірлесіп шешу мақсатында сындарлы өзара іс-қимылды қолдау болар еді. Мұндай өзара іс-қимылдан нақты бас тарту мемлекеттің тиісті қызметінің тиімділік деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

Сонымен қатар, терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған заңнамалық қызметтегі жоғарыда аталған бұрмаланулар көбінесе Қазақстандағы қауіп дәрежесіне, осы құбылыстардың көріну салалары мен нысандарына қатысты қате түсініктер мен бағалауларға байланысты екені анық. Нәтижесінде билік терроризм мен экстремизм көздерімен күресу тетіктерін әзірлейді және қолданады.

Осылайша, біздің елімізде Өзбекстан билігі мен күш құрылымдарының қателіктері қайталанатын. Бұл дегеніміз, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерге қарсы күрес шеңберінде кез-келген қарсыластықты, оппозицияны және тіпті діни нанымдарды қудалау жиі кездеседі. Бірақ сонымен бірге бұл елдегі терроризм мен экстремизмнің нақты көздерімен 1999-2004 жылдары бірнеше рет болған исламистік экстремистік топтардың содырларының шабуылдары немесе қарулы шабуылдары болған кезде белсенді түрде күресуге кіріседі. Өзбек билігінің алдын алу шаралары терроризм мен экстремизмнің нақты көріністеріне ғана емес, сонымен қатар соңғы кездегі оқиғалар көрсеткендей, құқықтары мен бостандықтары күш құрылымдарына нұқсан келтірген азаматтардың наразылығын тудыруы мүмкін.

